

**№1 М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің 8-11 сынып
оқушыларының ата-аналарымен өткізілген ата-аналар жиналысының
МӘЛІМЕТІ**

Өткізілген күні: 06.06.2018ж.

Қатысқандар:

Мектеп директоры. Е.Ақбердиев

ДТІЖО Г.Айтбаева

Мектеп психологтары: Л.Смайлова,

Б.Еспанов, Ұ.Кауменова

Ата-аналар

Күн тәртібі:

1. *Баяндама. «Өз балаңа үлгі бола біл!».*
2. *Ата-аналарға арналған кеңес*

Ата-аналар жиналысын мектебіміздің психолог маманы Л.Смайлова жүргізді.

Сондай – ақ қазіргі таңда әлеуметтік желілердегі, соның ішінде «Whats App» әлеуметтік желісінде «Minecraft» (майкрафт) ойынының «абсалюттік әлеміне түсу туралы әңгімелеп тұрған кәмелетке толмаған баланың қатысуымен бейнеролик таратылғанын хабарлады. Аталған ойынның ережесі бойынша балалар алақандарын үш рет соғып одан кейін терезеден секіріп кетуі тиіс екендігін түсіндірді. Сол себепті ата-аналарға мейлінше «Смартфон» ұялы телефонын қолданардан алдын өте мұқият болуға шақырды. Себебі, бұл ойын тез тарап жатқандығын жеткізді. Жазғы демалыс кезінде оқушы ата-анасының қасында болуына байланысты мектеп әкімшілігі ата – аналарға өз балаларын қатаң бақылауға алуын өтінді.

«Өз балаңа үлгі бола біл» тақырыбындағы баяндамасын жасады. Баяндамада ата-ананың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда. «Балапан ұяда не көрсен, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы балаға үлкен сабақ. Отбасылық тәрбиенің басты міндеті – олардың тұлға ретінде қалыптасуына қажетті білім, дағды мен іскерлікті меңгерту. «Балаға білім беру үшін, ең алдымен оны тәрбиелеген жөн, тәрбиесіз берілген білім, ол ертең бір апатқа әкеп соғады» Әбу Насыр Әль - Фараби.

Бала негізгі өнегені ең алдымен отбасында ата - анасынан алады. Әркім өзінің баласын жаман болсын демейді, оның тәрбиелі, білімді болғанын қалайды әрі еңбексүйгіш, жақсы адам болса, еліне, халқына пайдасын тигізетіндей бір маман иесі, үлкен дәрежелі қызмет иесі болса екен деп те тілейді.

Жақсы тілек пен ниеттің орындалуына мүмкіндік жасайтын – ата - ана. Бала тәрбиесі – бесіктен басталады. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны іледі» дегендей оның өнегелі қасиеттерін отбасында қалыптастырған жөн. Баламызды мектеп жанынан ашылған шағын орталық тобына жіберіп, тәрбие, білім береді деп бар ауыртпалықты тәрбиешіге салып қойғанымыз жеткіліксіз. Баланы шағын орталық тобына берген соң ата - ана тәрбиешімен тығыз байланыста болып, оның дұрыс тәрбие мен білім алуына бірлесе әрекет етуі тиіс деді.

Ата-аналардың ойын білу мақсатында ата-аналарға арналған ситуациялық жағдаяттар қойылды. Ата-аналар өз ойларын еркін жеткізіп қызықты пікірлерін ортаға салды.. Қосымша ата-аналардың қолына ата-аналарға арналған психологиялық кеңес жазылған парақшалар тарқатылды.



Мектеп директоры:

Е.Акбердиев

Дайындағандар: Л.Смайлова
Б.Еспанов
Ұ.Кауменова